

ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАУДЫҢ ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІГІ

Бүгінде колледж шәкірттері отандық кілем өнімдерін өндіретін «Бал Текстиль» ЖШС компаниясымен тығыз байланыста. Маңдайалды қазақстандық фабрика – Орталық Азиядағы ең ірі кілем өндірушілердің бірі.

Өнеркәсіп 2012 жылы елдің оңтүстігіндегі шырайлы шаһар Шымкент қаласында құрылған. Компания мұнда шығарылатын «BCF», «Heat-Set», «Frize» маркалы кілемдер, кілем өнімдері мен полипропиленнен жасалған жіптер өндіруге мамандандырылған. Кілем өндірісіне қажетті шикізат тікелей Түркиядан, Бангладештен, Үндістаннан, Ресейден және басқа шет елдерден жеткізіледі. Кілем өндірісі «MichelVanDeWiele» жоғары технологиялық бельгиялық жабдықта жүзеге асырылады. Полипропилен синтетикалық жіптер Oerlikon Neumag (Германия), AllmaVolkmann, SUPERBA (Франция) өндірісінің соңғы буынында жасалады. Аталмыш компанияның жобасы үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең 2012-2013 жылдары аралығында 2020 жылғы индустрияландыру картасы бойынша кілемдер мен кілем өнімдерін шығаруға арналған төрт жабдықталған фабриканың құрылысы жүргізілді. Келесі кезеңде яғни 2015 жылдан «DAMU» қорының қолдауымен екінші деңгейлі банктерге өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнеске несие алуға қаражат орналастыру бағдарламасы бойынша және I бағыт шеңберінде полипропиленнен иірілген жіп шығаратын цех салу және тоқу цехын кеңейтті.

Сондай-ақ соңғы үшінші кезеңде 2018 жылы үшінші тоқу цехының құрылысы басталды. Қазақстандық кілем өндіруші компанияның ауыз толтырып айтатын жетістік-

тері де аз емес. Мәселен, 2013 жылы «Бал Текстиль» ЖШС Қазақстан Республикасының ең ұсақ кәсіпорындарының «ТОП 20» ОКЭД 13.30 қатарына кірді. 2014 жылы отандық тауар өндірушілер арасында өткізілген «Алтын Сапа» байқауында «Бал Текстиль» ЖШС өнімдері «Халықтың үздік тұтыну тауары» аталымында марапатталды. 2015 жылы аймақтағы орта бизнес субъектілері арасында «Үздік салық төлеуші» деп танылды.

Компанияның шетелде де аты шығып жүр. 2016 жылы Швейцарияның Женева қаласында өткен халықаралық конвенцияда «Үздік сапа» аталымында «Алтын Жұлдыз» - ISAQ сыйлығын иеленген. 2017 жылдың маусым айында

«Қазақстанның үздік тауары» аймақтық байқауында «Үздік тұтыну тауары» номинациясы бойынша I орынды жеңіп алса, 2018 жылы «Халық тұтынатын үздік тауар» номинациясы бойынша «Алтын Сапа» Президенттік «Бал Текстиль» ЖШС сыйлығымен марапатталды.

Қазіргі таңда «Бал Текстиль» ЖШС 400 адам жұмыспен қамтылған. Жылдық өндірістік қуаты - 5 млн. шаршы метрді құрайды. Полипропиленнен жасалған жіптердің өндірістік қуаты - жылына 4000 тонна. Зауыттың жалпы өндірістік аумағы - 6 га. Модельдер аумағы - 1500-ден астам бірегей дизайнерларды құрайды. Қазақстан бойынша дистрибьюторлардың саны 400-ден асады. Қорыта айтқанда, осы сала төңірегінде оқитын студенттер тәжірибесін ел төңірегінде сұранысқа ие өнімдер әзірлейтін өндірістік орында шыңдай алады. Тіпті, осы жерде қызметтік карьерасын бастауға да таптырмас мүмкіндік бар.

**Ж.ТҮРҒАНБАЙ,
Л.ӘБІЛХАЙМҚЫЗЫ,
А.ТАҢСЫҚ,
Әуезов атындағы ОҚУ
колледж оқытушылары**